

Бекежан Ө.Қ.

КЕҢЕС ИДЕОЛОГИЯСЫ КЕЗІНДЕГІ ТЕХНИКА ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Бекежан О.К.

ОСОБЕННОСТЬ ТЕХНИКИ ФИЛОСОФИИ ПРИ СОВЕТСКОЙ ИДЕОЛОГИИ

В статье рассматриваются особенности философии техники в период советской идеологии. Данное направление философии и термин «философия техники» были под запретом.

This article deals with specialities of technics' philosophy period of the soviet ideology. This direction of philosophy and the termin «technics' philosophy» were prohibited.

Кеңес кезіндегі техника философиясының ақыры, онымен айналысуға тиым салу әлемдік осы ой бағытының қалыптасуына өзіндік үлес қосқан Ресей ғалымы, инженер П. Энгельмейерге қарсы жазылған мақаладан басталады. Мақала авторы Б.Марков деген «Адам қоғамынан, оның таптық күресінен оқшауланған әлдебір техника философиясы жоқ және болуы да мүмкін емес. Техника философиясы туралы айту-идеалистік ойлау. Техника философиясы-материалистік емес, идеалистік концепция»[1.41] деген қатал тұжырым жасайды. «Маркстің XIX ғасырда техниканы зерттеуде қызықты әлеуметтік-философиялық бағыттың бірін жасаушы болғанына қарамастан, сол кезден бастап кеңес философиясында техника философиясын идеализм ретінде сөгу бірнеше он жылдықтарға созылды»[2.26] Кеңес елінде осыдан бастап «техника философиясы» деген атау жойылды. Ал ресми маркстік-лениндік диалектикалық материализм философиясының ауқымында ғылыми-техникалық прогресстің, ғылыми-техникалық революцияның, ғылым мен техника ғылымдарының философиялық-әдістемелік мәселелері, техника мен технологияның дамуындағы адам факторы, техника және шығармашылық процесс, техникалық іс-әрекеттің ерекшелігі, ғылыми-техникалық прогреспен ғылыми-техникалық революцияның әртүрлі мәселесі және т.б. қаралды.

В.Розин кеңес еліндегі төрт бағыттағы жұмысты атап көрсетеді: техника тарихы, техниканың философиялық мәселелері, техника ғылымдарының әдістемесі мен тарихы, жобалау мен инженерлік -қызметтің әдістемесі мен тарихы.»[3.7,8] Ол бұл бағыттарға баға беріп, әрбіреуінің деңгейін анықтауға, жүйелеуге тырысады. Техника тарихы бағытында

техниканың қалыптасу принципі, жеке техникалық заттардың дамуы беріліп, зерттеу тек ғылыми тұрғыдан деңгейі төмен, жалаң эмпирикалық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Екінше бағытта техника мәні мен табиғаты сияқты философиялық сұрақтар қаралды, бірақ ол зерттеулер тек Маркс позициясына сүйенген және инженерлік көзқарасқа көбірек ие болуымен ерекшеленді және осы концепция аясында буржуазиялық техника философиясы сыналды, оның жетістіктері көрсетілмеді. В. Розин бұл зерттеулердің тек мемлекеттік техникалық жобаларды дәйектеуші, идеологияға қызмет етуші болғанын көрсетіп өтеді. Ал техника ғылымдарының әдістемесі мен тарихы деп атаған зерттеу бағытына байланысты біраз әдістемелік тұрғыдан жетістіктердің болғанын айта келіп, оның неге техника философиясы аясында қаралғанына таңданыс білдіреді. Соңғы бағыттың да жетістіктері баршылығын констатация жасай отырып, автор оның да жалпы сұрақтардан тыс мәселемен айналысқанына назар аударады.

Мысалы, тек техникалық іс-әрекет ұғымын түсіндіруге бағытталған бірнеше көзқарас қалыптасты. О.М. Волосевич, И.Ф.Игнатьева, Е.А.Шаповалов оны органикалық емес табиғатты түсінуге әрі өзгертуге және соның нәтижесінде техниканы жасауға бағытталған әлеуметтік әрекет түрі десе, В.Г.Горохов,тВ.М.Фигуровская, М.Л.Шубас сияқты зерттеушілер инженерлік білімді материалдандыруға қатысты әрекет деп санап логикалық-гносеологиялық аспектіде түсіндіреді. Үшінші көзқарасты ұстаған П.С. Дышлевый, П.Шишмишова және Л.Яценко техникалық әрекетті рухани-практикалық әрект түрі ретінде қарастырып, оны ғылыми немесе өндірістік әрекетке жатқызбайды. Ал В.А. Дмитриенко, Н.Л.Емельянова, Е.В.Водопьянова аталған әрекетті техникалық объектінің (жүйенің) толық тіршілік циклын қамтамасыз етуші әрекет деп бағалайды. [4.10]

Ал жалпы зерттеулердің ішінде Э.А.Араб-оглы, И.Артоболовский, Г.Н. Волков, Г.Г.Бычков, В.И.Белозерцов, В.Г.Горохов, Б.И.Козлов, Ю.С.Мелешенко, А.Д.Московчен-

ко, Н.П.Онищенко, Л.И.Покатаев, В.С.Степин, Я.В.Сазонов, К.В.Фролов, В.В.Чешев, Е.А.Шаповалов, Г.И.Шеменов В.М. Розин және т.б. зерттеулерін бөліп айтуға болады. Бірақ буржуазиялық философияны сынау аясында ғана «техника философиясы» туралы әңгіме болды. Мысалы, осы бағытты зерттеген Г.М.Тавризян «Қазіргі техника философиясы (кең мағынасында)-бұл буржуазиялық қоғамның әлеуметтік теориясы»-деп атап көрсетті немесе Ю.Абабковтың еңбегі «Классовая сущность западногерманского техницизма» (Батысгерман техницизмінің таптық мәні.) деп аталды. Біреулер шетелдік техника философтарын техника мәселесін ғылымнан бөліп, абсолюттеп қарағаны үшін сөкті. ал кейбір ғалымдар әсіресе өткен ғасырдың 80-шы жылдары шетелдік зерттеушілер дабыл қағып отырған мәселенің, соның ішінде адам жаттануы, дегуманизм мәселесінің техника астарында кеңес елінде кездесіп отырғанын айта бастады. Сондықтан кеңес философиясының тағы бір міндетті жұмысы осы бағыттағы маркстік емес теорияларды сынау болды. Бірақ ақиқат үшін айта кету керек осы бағыттағы шетелдік жұмыстарды жақсы білетін зертеушінің еңбегі тіпті сыни тұрғыдан болғанның өзінде, түпнұсқа жоқ жағдайда белгілі бір түсінік алуға көмектесетін. Бұл бағытта Ю.Н.Абабков, Г.М.Тавризян, Г.Е. Смирнова, В.Н.Порус бірқатар жұмыстар атқарды, әрине ол жұмыстардың бәрі идеологиялық кінәлау, сынау жағында болып, толық объективті жетістіктерді көрсете алмады. Философиялық-әдістемелік тұрғыдан жұмыстар атқарылса да, олардың бәрі саяси идеологияның шеңберінде қалып қойды. Техниканың жеке адам тіршілігіне әсері қаралған жоқ, оның есесіне ғылыми техникалық революция және жеке адам мәселесі таптық тұрғыдан жоспарлы түрде талқыланды, бірақ шынайы, объективті мәселелер қаралмағандықтан осы бағыттағы жұмыстардың көбі схоластикалық, догматтық сипат алды. Сол кезде қалыптасқан техника мен технология туралы көзқарасты диалектикалық материализм теориясы аясында былайша топтастырып беруге болар еді. Техниканың қоғам мен адам өміріне ықпалы, ролі, әртүрлі қоғамдағы, тарихи кездердегі әлеуметтік-экономикалық жүйемен байланысы. Сол тарихи уақыттағы идеологиялық –дүниетанымдық қағида бойынша техника мен технология тек өндірістік күштердің элементі қана, ал шешуші роль атқаратын адам. Сол себептен техника әлеуметтік-тарихи процесске тікелей ықпал жасай алмайды. Тек материалдық фактор ретінде рол атқарады, оның өзі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, яғни, таптық немесе

тапсыз қоғамдық құрылыс табиғатымен байланысты. Мысалы, капиталистік қоғамда техниканы кеңінен қолдану жұмысыздыққа әкеледі, ал социалистік елде ол еңбек адамының ауыр жұмыстан босауына өзінің әлеуметтік-мәдени дамуына мүмкіндік береді. Техника ең басты құндылық емес, басты құндылық қоғам мен адам деген шынына келгенде терістеуге болмайтын тұжырым жасалады. Бірақ шын мәнінде жеке адам зор мемлекеттік машинаның бір бөлшегі қана болып шықты. Шаруашылықтың барлық саласында ауыр қол еңбегі сақталды. Елде пародоксті жағдай қалыптасты. Ғылымның, ғарыштық, әскери техниканың қарыштап дамуына қарамастан тұрмыстық техника өте кенже дамыды. Теледидар, әсіресе оның түрлі-түсті түрлері, бейне магнитофондар өте қат дүниеге айналды. Олардың болуы адамның әлеуметтік статусының, оның байланыстарының белгісі болды. Осы заттарға және жақсы машиналарға ие адамдар қызғаныш, жек көріс, ризашылық сияқты әртүрлі сезім туғызып отырды. Оларға ие болу қоғамда қол жетпес арман, бақыт саналды. Бірақ ондай мәселелер шынайы, объективті түрде қаралған жоқ. Бірақ соның өзінде кейбір ғалымдар әсіресе өткен ғасырдың 80-шы жылдары шетелдік зерттеушілер дабыл қағып отырған мәселенің, соның ішінде адам жаттануы, дегуманизм мәселесінің техника астарында кеңес елінде кездесіп отырғанын айта бастады.

Кеңес үкіметі кезінде жаңа технология мен техниканы ендірудің өзі идеологиялық талаптарға бағынуды, идеологиялық бағыт-бағдар беруді қажет етеді деп саналды. Сондықтан сол кездегі философиялық жұмыстар арасынан мынандай тақырыптарды көруге болар еді (әрине, бәрі дерлік орыс тілінде): «жаңа техника мен технологияны игеруде жеке тұлғаның дүниетанымдық ұстанымының ерекшелігі», «өндіріске жаңа техника мен технологияны ендіруді идеологиялық қамтамасыз ету» немесе «ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудегі патриоттық сананың ролі», солардың ішінде «дәстүрлі емес діндердің ғылыми-техникалық маманның дүниетанымына ықпал ету ерекшелігі» сияқты күтпеген қызық мәселеге арналған мақаланы да кездестірдік. Бірінші тақырыпқа қатысты қазіргі көзқарастар жүйесі тұрғысынан жаңа техниканы, технологияны игеруге жеке тұлғаның дүниетанымының қандай қатысы бар деген заңды сұрақ туатыны сөзсіз. Мақала авторы И.Рахманованың ойынша ҒТП-тің кезінде әлеуметтік-адамгершілік факторы үлкен мәнге ие болады, «...жаңа функцияларының пайда болуына байланысты

іс-әрекет субъектісінің ерекше ролі байқалады», адамдардың білімі, тәжірибесі, іске деген мүдделі және жауапты қатынасы аса маңызды бола түседі. Ол мынандай түйін жасайды: «ғылыми-техникалық прогрестің қарқыны жоғары болған сайын адамның қоғамдық өндірістегі ролі арта түседі» [5.218] Сонымен бірге адамның қиын, сыни жағдайдағы іс-әрекеті, адамдардың ғылыми-техникалық жаңалықтарды енгізудегі енжарлығы, себебі олар адамның үйренген жұмыс істеу дағдысын өзгертеді, олардың кәсіби дайындықты талап етуі де жұмысшылар қарсылығын, тіпті қазіргі заманғы луддизм тудыратынын атайды [5.220] Осылармен қатар автор жұмысшылардың еңбекке деген мотиві жайлы әңгіме қозғап, материалдық стимул мәселесін маңызды өлшем ретінде атап өтеді. Осының бәрін қазіргі қоғам тұрғысынан да қажетсіз нәрсе деп айтуға болмайды. Әңгіме кезіндегі деидеологизация деген коммунистік идеологияның зорлап тағылған ықпалынан арыламыз деп жүрген науқанның әсерімен жалпы ұлттық идеологияны тәуелсіз мемлекет ретінде жасақтау қажеттігін естен мүлдем шығарып алғанымыздан болды. Дәл қазір автордың мақала атауын өз жағдайымызға лайықтай өзгертіп «тәуелсіз ұлттық мемлекет ретіндегі қазақстанда жеке тұлғаның жаңа техника мен технологияны игерудегі дүниетанымының ерекшелігі» деп атасақ онда тұрған ешқандай жансақтық болмас еді. Жаһандану сияқты тасқын үрдістің ағымында ұлттық нақыштарымызды ағында ағызып алмас үшін ұлттық құндылықты жеке тұлға және халық деңгейінде жоғары ұстау мемлекеттік ұстанымның негізі болуға тиісті.

Екінші мақала авторы Ю.Маремьянин сол қайта құру реформасының лексиконын пайдалану арқылы адам факторын белсендіру мәселесін қозғайды. Осы мақалада автордың адамдарда қазіргі техникалық ойлауды қалыптастыру жөніндегі пікіріне назар аудармауға болмайды. Ол адамдар ескі көзқарастар мен дағдылардан бас тарта отырып техникаға мүлдем басқаша қарауы керек деген тұжырым жасайды. Ол үшін әр адамда өндірісті техникалық әрі технологиялық жабдықтауға деген қажеттік туғызу керек, оны іске асыру үшін технологиялық білімді күшейту, жауапкершілікті арттыру, білімді үнемі толықтыру қажет, осының бәрін түйіндей келгенде идеология адамдардың саяси белсенділігін арттыру, оларда қожайын сезімін қалыптастыру, мемлекет ісі үшін жауапкершілік сезімін туғызу бағытында жұмыс атқаруы қажет болып шығады. Автор қазіргі заманда білімнің тез ескіріп қалатынын алға тартып, адам үнемі

өз бетімен білімін жаңғыртып отыруы керек деген пікір айтады. Еңбекті дұрыс ұйымдастыру, мамандар мәселесі, еңбек ақы төлеу жүйесін жетілдіру сияқты сұрақтар да осы идеологиялық жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қаралып өтеді. Жаңа прогрессивтік техника мен технологияны енгізу арқылы бүкіл қоғамды (мақалада сол кездегі дағдыға сәйкес «социалистік қоғам» деген сөз қолданылған) дамыту мүмкіндігі туралы айта келе автор сонымен қатар бұл бағыттағы идеологиялық жұмыстың өзі де жаңартуды талап ететінін ескертеді. Міне осының бәрі техникалық ойлау жүйесін қалыптастырудың идеологиялық алғы шарты деп санаған автор ойы қазіргі заманның жалпы талаптарымен ұштасады. Тек бұл сананың концептуалдық ерекшелігін кеңінен таратпағаны болмаса мақала авторы кейбір принциптік нәрселерді қисынды қарастырған деуге болады. Бірақ автор маңызды санаған шешілуі тиісті көп мәселенің қағаз жүзінде, абстракциялық деңгейде қалып қоюы, идеологияның өндірістен алшақ кетуі және теория мен практиканың арасындағы, идеология мен техника дамуы, техниканың жаңаруы арасындағы айырмашылық, кеңес елінің технология тұрғысынан батыс елдерінен көп артта қалуы ақыры сол реформа кезіндегі осындай идеялардың іске аспай, ақыры кеңес империясының ыдырауына әкелгені белгілі.

Жоғарыда аталып кеткен «ғылыми-техникалық прогресті жеделдетудегі патриоттық сананың ролі» мақаланың авторы П.Сапегин патриотизм мәселесін дәл сол кездің идеологиялық рухында баяндайды. Бұл автор да жаңа технология мен техниканы енгізудің маңызынан бастай отырып өндіргіш күштерді дамытудағы рухани фактордың соның ішінде патриоттық сананың роліне тоқтайды. Бұл рухани мотивацияның маңызды бөлшегі, автор атап өткендей «ғылыми және техникалық шығармашылық субъектісінің тек қоғамға ғана емес табиғатқа қатынасы» және теориялық-танымдық қана емес құндылықтық сипатқа ие. Оның пікірінше кезіндегі кеңес еліндегі тоқырау ғалымдар мен инженер-техникалық кадрларды патриоттық тәрбиелеудің ұмыт қалуымен байланысты, Осыған байланысты автор бұл тәрбиенің мынандай маңызын көрсетіп кетеді: ғалымдардың отан қорғау жөніндегі әлеуметтік жауапкершілігін арттыру, сол арқылы патриоттық тәрбиені жолға қою. Тек бірнеше мақалаға шолу жасау көрсетіп тұрғандай қоғам, техника және адам мәселесіне қатысты тақарып қозғаған зерттеулер сол кездегі идеология шеңберінен шығып кете алмады, бірақ арасында сыншыл көзқарастар да кездесіп, қоғамның шынайы проблемасына,

нақты себептерге назар аударылды, бірақ ол мәселенің бәрі қоғамдағы, кеңес империясының саяси табиғатының негізінде жатқан проблемаларды, соның ішінде саяси сұрақтарды күн тәртібіне қоймай шешілмейтін еді.

Сондықтан кеңес философиялық ойындағы осы бағыттағы жұмыстар әлемдік философиядағы зерттеліп жатырған сұрақтардан оқшау қалды, оның өзі таза мағынасындағы немесе батыстағы қалыптасқан классикалық дәстүрге сәйкес, заманауи техника философиясы кеңес елінде қалыптаса алмағанын көрсетті.

Кеңес еліндегі техника философиясына байланысты үлкен оқиға және бетбұрыс екі кітаптың жарық көруімен байланысты деп батыл айтуға болады. Олар: «Новая технократическая волна на западе» және «Философия техники в ФРГ» деп аталатын мақалалар жинағы. Кітаптар мамандар арасында үлкен қызығушылық тудырып, тез тарап, бірден қат кітаптардың біріне айналуы көп нәрсені аңғартса керек. Бірінші кітапқа М.Хайдеггер, К.Ясперс, Ж.Эллюль, Л.Мэмфорд, Х.Сколимовски, О.Тоффлер, Д.Белл сияқты атақты ойшылдардың шығармаларымен қатар қалың көпшілікке әлі дұрыс таныс емес авторлардың еңбектері де енді. Екінші кітапқа белгілі неміс зерттеушілерінің жұмыстары топтастырылды. Екі жұмыс та тек қана аталған бағыт қана емес философия, саясаттану, социология, футурология, мәдениеттану бағыттары бойынша құнды және жаңа идеяларды әкелді. Кеңес еліндегі саяси-әлеуметтік көзқарас өзгерісі тұсында көптеген әлеуметтік ғылым өкілдері осы кітаптарға сүйенді деп дәлелді айта аламыз. Осының

арқасында мамандар мен оқырмандар түпнұсқа бойынша пікір қалыптастыруға мүмкіндік алды. Бірінші кітаптың белгілі маман П.Гуревич жазған алғы сөзінде авторларға шолу жасай отырып «капитализмнің жалпы дағдарысы» жайлы айтып өтіп, соңында СОКП-ның кезекті съезінің материалдарына сілтеме жасайды, бірақ оның бәрі негізінен ритуалдық сипатқа ие екендігін айтып өткен жөн. Себебі, деидеологизация процессінің басталуына әлі біраз уақыт болғанымен алып империяда «қайта құру» аталатын саяси реформа тартысты болса да жүріп жатыр еді.

Аталған жинақтың пайда болуы философиялық-ғылыми лексиконға «техника философиясы» атауының қайтып енуіне және осы бағыттағы жұмыстардың жандануына зор ықпал етті. Осының нәтижесінде өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап философиялық, социологиялық сөздіктерде «техника философиясы» ұғымы пайда болды.

Әдебиеттер

1. Б.В.Марков В «философии» ли дело? Инженерный труд М., 1929. №2.С.41.
2. Философия техники.От редакции. // Вопросы философии №10.1993.
3. Розин В.М. Философия техники. Учебное пособие для вузов.- М.:НОТА БЕНЕ, 2001.-456с.
4. Методологические проблемы создания новой техники и технологии. Новосибирск: Наука. Сиб.отд-ние, 1989.-297с.
5. Рахманова И. Роль мировоззренческих установок личности в освоении новой техники и технологии.//Методологические проблемы создания новой техники и технологии. Новосибирск: Наука.Сиб.отд-ние,1989.-297с.